

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромиле (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

821.512.122; 809:398

ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ

Алпысбаева Қ.Б.¹, Оралбек А.²

¹М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филол. ғылым. кандидаты,

²М. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, пед. ғылым. магистрі, Алматы қ. Қазақстан.

Аңдатпа. Ұлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жыры. Солардың ішінен «Ер Сайын» жырына тоқталар болсақ, ол – қазақ халқының ерте замандардан жеткен аса көркем батырлық жырларының бірі. Еңбегіміздің зерттеу нысанасы ретінде «Ер Сайын» жырының жиналу тарихы талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тарихи, құжаттанулық, деректемелі библиографиялық зерттеулер әдісі құрады. Нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және әдебиеттанушы мамандарға пайдалануға болады. Кеңес Одағы кезінде жарық көрген жоғарыда аталған туындылардың көбі мысалда көрсетілгендей біраз кешіліктермен жарық көрді. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы тотолитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызды. Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығын жарыққа шығарды. Қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Түйін сөздер: жыршы, фольклор, нұсқа, жыр, басылым, батырлық жыр, түпнұсқа, жинаушы

ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН»

Алпысбаева Қ.Б.¹, Оралбек А.²

¹Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, ведущий научный работник, кандидат филологических наук, г. Алматы, Казахстан

²Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, научный работник, магистр педагогических наук, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Один из жанров нашего национального фольклора с богатейшим содержанием – это героический эпос. Среди них остановимся на эпосе «Ер Сайын». Он является одним из древнейших казахских высокохудожественных героических эпосов, дошедших до наших дней. Сюжетной основой которой является воспевание народного единства, народного героизма. В качестве объекта исследования нашего труда анализируется история собирания эпоса, сюжетные, текстологические и типологические особенности «Ер Сайын».

Ключевые слова: фольклор, исполнитель, собиратель, вариант, издание, героический эпос, оригинал

HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC

Alpysbaeva K.B.¹, Oralbek A.²

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art Senior researcher, Ph.D. Philology, Almaty, Kazakhstan

²M.O. Auezov Institute of Literature and Art Master of Pedagogical Sciences, Almaty, Kazakhstan

Abstract. One of the genres of our national folklore, which has rich content, is a heroic epic. We will focus on the epic "Er Saiyn". It is one of the oldest and highly artistic Kazakh heroic epics that have survived to the present day. The plot basis of it is chanting the national unity, the people's heroism. Research object of our study is the history of collecting versions of the epic

Keywords: folklore, storyteller, collector, version, epic, textual study, edition, heroic epic, original

Кіріспе

Қолжазба қорларында сақтаулы негізгі сюжеттік арқауы ел бірлігі мен жер бүтіндігін, халық амандығы мен азаттығын ұлықтайтын «Ер Сайын» жырының бағзы заманнан бастап бүгінгі күнге дейін жиналған қолжазбаларын жинақтап, теориялық ізденістермен ұштастыра отырып зерттеп, қазақ халқының жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан мұрасының жиналу тарихын (авторлардың тың ізденістері арқылы халық мұрасын жинаушылардың фольклорлық үлгілерді жазып алудағы практикалық қызметі мен өзіндік қолтаңбасын, олардың ғылыми маңызын ашу, жинаушылар т.б. туралы нақты деректерді, мәтіндердің сюжеттік, текстологиялық ерекшеліктерін жазу т.б.) баяндау.

Талқылау нәтижесі

Жұмыстың нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және әдебиеттанушы мамандарға пайдалануға болады.

Еліміз тәуелсіздігін алып, көптеген мүмкіндіктер туғаннан кейін ұлтымыздың тарихын тереңдете зерттеу туралы ойлар мен зерттеулерге жол ашылып қана қоймай, Кеңестік кезеңдегі тоталитарлық жүйенің кесірінен саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығын жарыққа шығарды. Қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Нәтижесі

Бұл жырдың – негізгі идеясы Отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған.

Жырдағы бас кейіпкер – Ер Сайын. Жыршылар оны ел тәуелсіздігін сақтауда, елге қамқор болуда жасаған ерлігін мадақтап, ел-жұртын сүйген шын батыр ретінде суреттейді.

Ерте заманнан еркін өмір сүріп, иен даласына иегершілік етуді өмір салтына, қазақи қағидасына айналдырған, біреуге бодан болмау жолында тар жол, тайғақ кешуді бастан өткізген біздің халқымыз үшін тәуелсіздіктің құны бәрінен де қымбат, шоқтығы биік.

Халқымыз – ежелден-ақ тәуелсіздік жолында жан алып, жан беріскен жау жүрек халықтардың бірі. Тәуелсіздік жолында ішкі-сыртқы жаулармен күресіп, ұлтарактай жерді

қолдан бермеген ата-бабаларымыздың жеңісі бүгінгі ұрпақтың жемісіне айналып отыр. Қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың осындай отаншылдық идеямен байланыстылығы. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Сонау ноғайлы дәуірінде де елінің амандығы мен тыныштығын, жерінің кеңдігі мен елдігін сыртқы жаудан аман алып қалу үшін жеке шыққан батырлар да көп болды.

Негізгі бөлім. Халқымыз тарихында тәуелсіздік үшін жүргізілген оқиғалардың ұзын тізбегі бар. Жеріміздің байлығына көз салып, халық арасындағы түрлі қайшылықтар мен келеңсіз жағдайларды пайдаланып, ғасырлар бойында сыртқы жаулар ауық-ауық қырғын соғыстар ашып, елді ауыр зұлматтарға ұшыратып отырған. Тарихтың терең қойнауынан орын тепкен түрлі ұрыстар, ел басына түскен ауыртпалықтар қаһармандық эпостардың ішкі заңдылығына бағындырыла сипатталады. Сондай зұлматтарға қарсы ел үшін күрескен ерлікті, елдікті жырлайтын қаһармандық жырлардың бірі – «Ер Сайын».

«Ер Сайын» жыры жөнінде алғаш пікір білдірген – орыс ғалымы В.В.Стасов. Ол еңбегінде түркі-монғол эпосын орыс былиналарымен салыстыра отырып, ондағы көптеген белгілердің орыс эпостарында жоқ екендігін көрсетеді. Осы пікірін дәлелдеу барысында «Ер Сайын» жырынан мысалдар келтіреді [Стасов, 1868: 316].

Жыр туралы М.Әуезов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, А.С.Орлов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев т.б. ғалымдар әр түрлі еңбектерінде тұжырымды пікірлер білдірсе, зерттеуші Г.Абитова «Ер Сайын жырының поэтикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазды.

Аталған туындының бірнеше нұсқалары сақталған. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 105-буманың 3-дәптерінде Ресей географиялық қоғамының мүшесі Р.Игнатъев жинаған «Бозмұнай» деген атпен хатқа түскен жырдың бір нұсқасы сақталған. Жыр мәтіні кеңсе қағазына машинкамен басылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған. Қате басылған сөздер мен әріптердің үстінен қарындашпен түзетілген. Бет сандары қарындашпен қайта өзгертіліп қойылған. Қағаздардың түптері ақ жіппен тігіліп, сырты ақ қағазбен қапталған. Көлемі – 46 бет. Осы буманың 2-дәптерінде қорға 1939 жылы келіп түскен, Қ.Иманов деген кісі жинаған тағы бір нұсқа бар. Бұл шығарманың мәтіні оқушы дәптеріне күлгін түсті сиямен латын әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан түсірілген. Қолжазбаның кей беттеріне сия жайылып, сөздер түсініксіз болып кеткен. Бет сандары еуропа цифрымен беттелген. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған «Ер Сайын» жырының машинкамен басылған көшірмесі Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында (149-бума) сақтаулы. Өкінішке орай, жырдың түпнұсқасы қолжазба қорынан табылмады.

Жырдың экспозициясы Сайын дүниеге келмей тұрып, үш шарбақты ноғайда Бозмұнай деген байдың көп малдың иесі – бай болса да, бала жоқтығынан қайғы шегіп жүрген тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады. Бозмұнайдың жылқысын бағып жүрген тоқсан құл астыртын кеңес жасап, бірігіп алып, иесінің қол-аяғын байлап, сабайды. Бұл зорлықты көрген Бозмұнай қайғылы болып жатқанда, түсінде ақ сәлделі адам келіп: «Бір өзің Шашты Өзіз деген әулиенің қабірін тауып, соның басына барып, Құдайдан тілек тіле», – дейді. Бозмұнай әйелімен әулиелердің бәрінің басына барып түнеп, тентіреп жүріп, аяғында Шашты Өзіздің қабірін табады. Бозмұнайдың тілегі қабыл болып, Сайын атты бала көреді.

Болашақ батырдың ғажайып туу мотиві қазақтың, түркі, монғол тілдес басқа халықтардың эпосында жиі кездеседі (Алпысбаева, 2018). Қартайған ата-ананың балаға зар болуын, бала іздеп, Жаратқаннан, әулиелерден жәрдем сұрауы қазақтың «Алпамыс», «Шора батыр», «Едіге батыр», «Мұңлық – Зарлық» эпостарынан, қырғыздың «Манас» эпосынан т.б. кездестіреміз.

Міне осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, әулиелерді кезуі кездейсоқ емес. Мұның астарында батыр ұлды аңсаған ел арман-мақсаты жатыр [Алпысбаева, 2017]. Сондықтан да, оны жалпы батырлық жырларындағы дәстүр бойынша ата-анасы тарығып, зарығып жүріп көрген бала ретінде суреттейді.

Батырлық жырлардың көбіне тән ерекшеліктердің бірі – батырдың ерте есеюі, алыптықты жастайынан танытуы. Оы ерекшелік аталған жырда да көрініс тапқан. Сайын да ерекше жағдайда туып, анасының емшегін ембейді, ет берсе, жемейді. Ноғайлы жұрты кеңесіп, Сайын сынды мырзаға үш күнде бір бие сойдырып, ту биенің орган жілігінің майымен асырайды. [Сайын батыр, 1992] Жыр Сайынды:

Бір жасына келгенде,
Біліктіден би болды.
Екі жасқа келгенде,
Еліменен тең болды.
Үш жасына келгенде,
Ерттеп мінген атынан
Кешке дейін түспеді,
Шақыртпай асын ішпеді.
Төрт жасына келгенде,
Қарағай найза толғайды,
Жүрсем екен дейді екен.
Бес жасына келгенде,
Қадір түнін күзетті,
Ноғайлының үш кентін
Түгелімен түзетті...

деп суреттейді. Бұл да кездейсоқ емес, эпикалық идеяландырудың заңды сатысы. Архаикалық элементтері көбірек сақталған саха (якут) эпостарында қаһарманның жетілуі соншалық көтеріңкі әрі кең таратылып айтылады. «Ер Сайын» жырында да осы дәстүрдің көрініс тапқаны байқалады. Жыр елге қорған болатын батырдың тек осындай, өзгеше бітімді, ешкімнен жеңілмейтін батыр бейнесін тудырған. Сайын бес жасында-ақ атқа мініп, жылқы бағады. Әкесіне қорлық көрсеткен тоқсан құлды қырады.

«Жырдың бұл кезеңінде Сайын халық тілегіне сай, көпке пайдалы батыр емес, үстемдік зорлықтың жақтаушысы. Сондықтан, жыр оның алғашқы істерінің бәрін сынап, жолсыз сотқар, опасыз байдың ұлы етіп әңгімелейді [Әуезов, 1948]. Сайынның бойына күші сыймай, жау тіленеді. Бір күні алыстағы қалмақ елін жаулап алмақ болған Қобыланды бір мыңдай қолмен Сайынды іздеп келеді. Сайынның әке-шешесі «баламыз жас, жауға бармасын» деп, Қобыландыдан үш жыл мерзім сұрайды. Бозмұнай үш шарбақты ноғайлыны аралап, баласына қыз таңдайды. Ақыры Көбік деген байдың қызы Аюбикешті алып береді. Сайын қызды алған соң, ата пірі түсінде келіп, былай деп аян береді: «Екі ұлың болады. Піріңді есіңе алып жүр», – дейді.

Үш жыл өткен соң, Қобыланды уәдесі бойынша қайтып келіп, Сайынды серікке алып, қалмаққа аттанады. Жауға таяғанда, Қобыландының Жағалбайлы деген жауырыншысы жауырынға қарап: «Алдымызда жау тосқыны бар. Бұл ретте жолымыз болмайды, қолдың обалына қалмай, қайтайық», – дейді. Қобыланды жауырыншының сөзіне сеніп, қайтпақшы болады. Бұған Сайын қарсы болып:

– Хабар алып сайтаннан,
Бұл жолымнан қайта алман!
Алғанымның қойнында
Күлкі болып жата алман!

Бұл қамалға келген соң,
Жалғыз да болсам қайта алман! – дейді.

Қасына қырық жігітті ертіп алып Сайын жауға қарсы аттанады. Жауға таяғанда, қырық жігіт ере алмай қорқып, Сайын жалғыз өзі көп қалмақпен соғысады. Осы тұста ерліктің, отансүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күрескендіктің, намыстылықтың неше алуан түрлерін көреміз. Мысалы:

Ақ төбенің басында
Жалғыз Сайын қарап тұр.
«Келгенменен бұл қалмақ,
Не қылады маған» деп,
Мазақ қылып жарқылдап.
Жауы әбден келген соң,
Бозаттың басын бұрмалап,
Тоғысты қасқа «Аллалап».
Бөлек-бөлек қылып жүр,
Бөлінген қойдай қырып жүр.
Қалмаққа мүшкіл туып жүр,
Еламан мен Жоламан
Тау тасалап қашып жүр.
«Алады, – деп, – жұртымды,
Осы қалмақ сасып жүр.
Еламан мен Жоламан
«Көрінер күнің барма» деп,
Аузын қатты басып жүр, –

деп келетін өлең жолдарынан жаудан қаймықпайтын Ер Сайынның өр мінезі, сол кездегі батырдың нағыз отаншылдық бейнесін айқын аңғарамыз.

Батыр қайратына мастанып, ата-бабаларының әруақтарына сыйынуды ұмытқан кезінде қасынан аруақтары қашады, баяғы қайраты болмай, тұс-тұсынан оқ тиіп жаралы болып, қырық жігітке келеді [Әуесбаева, 2017]. Өлейін деп жатып екі баласын Қобыландыға тапсырады. Бұл тұста Сайынның ел қорғайтын батыр ұлдарын даңқты халық батырының тәрбиесінде өсіріп, енді бұларды өзіндей емес, Қобыланды батырдай болсын деген ойы жатқанын көруімізге болады. Сайын сол жерде қаза табады. Жырдағы Сайынның мертігуі ғана емес, оның үлкеннің тілін алмауы, өзін жебеуші пірлерін ұмытуы сияқты «кемшіліктері» шығарманың реальды шындықты бейнелеу мүмкіндігімен байланысты болып келеді. Батырдың ересен ерліктерімен қатар, әлсіз тұстарының көрсетілуі арқылы көп қырлы қаһарман бейнесі сомдалған. Өзінің жеке басындағы аңғалдық, албырттық сияқты осал тұстары себебінен сәтсіздікке ұрыну сарыны «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты классикалық эпос үлгілерінен де елеулі орын алған. «Ер Сайын» жыры бас қаһарман бейнесін жасаудың осы тәсілдеріне жүгінген [Әбитова, 2007].

Жырда архаикалық жырларға және классикалық қаһармандық т.б. эпостарға тән сарындардың бірі «түс көру» мотиві бірнеше жерде көрініс тапқан. Мәселен, Сайынның әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

– Мен бүгін бір түс көрдім,
Жауырым тола қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерленген бес тырнақ

Қанға малыңқы көрінді.
 Шешем берген боқшасы
 Шашылыңқы көрінді.
 Жауда жүрген балаңның
 Астында жүрген Ақбоз ат
 Құйрығы келте көрінді.
 Қолына алған ақ сүңгі
 Үзіліңкі көрінді...

Бұл түсте Ер Сайынның басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Батырдың әйелі Аюбике Сайынды іздеп келіп, өліп қалған батырды «аюдың майын» жағып тірілтіп алады. Қаһарманның «өліп тірілу» сюжеті алтайлықтардың «Алтаин – Сайын Салам» атты ертегісінде кездеседі [Әуесбаева, 2017].

Қаһармандық жырларға тән белгілердің бірі – ел қамқоршысы батырдың сұлу жары, әрі ақылшы, көмекшісінің бейнесінің жасалуы болса, аталған жырдан да Аюбике бейнесінен «мінсіз жардың» барлық қасиеттерін табуға болады. Сонымен қатар ол – өлген жанды тірілте алатын қасиетке де ие. Бұл бейнесімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Баянға, «Ер Қосай» жырындағы Ботақызға т.б. ұқсас.

Сайын ауруынан айығып, қалмақтың Еламан, Жоламан атты батырларымен соғысады. Осы кезде Бөкенбай мен Киікбайды ертіп Қобыланды келеді. Киікбай майданда кезігіп қалған әкесін танымай, байқаусызда найза жұмсайды. Киікбайдың әкесін танымағандықтан, найза сілтеуі, әкесінің баласын тану көрінісі «Дариға қыз» дастаны мен «Рүстем-Сұһрап» т.б. жырларды еске түсіреді. Бұдан кейін үшеуі қосылып жауға шапқаны, қанды майдан айқаста асқан ерлік жасағаны, олардың ақырында қалмақ жауды жеңіп, жеңіске жетуі т.б. әңгіме болады. Осылардың бәрі бас қаһарман есімімен байланысты дамып отырады. Сайын батырдың қанымен келген отаншылдық қасиет оның ұлдары: Киікбай мен Бөкенбайға да қонады. Оған :

Екі ұлының тұсында
 Сайындайын батырдың
 Іргесін дұшпан баспады,
 Қолынан дәулет қашпады.
 Ел шетіне жау келсе,
 Сайын сынды батырдан
 Киікбайдың ерлігі
 Анағұрлым асады.
 Екі ұлының тұсында
 Бәрінің дайын болды ерлігі, –
 деген өлең жолдары дәлел бола алады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы «Ер Сайын» жырының Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Р.Игнатъев, Қ.Иманов т.б. жинаған қолжазбалар арасында сюжеттік айырмашылықтар аз. Бәрі де В.В.Радлов бастырған мәтіннен алшақ кетпейді.

В.В.Радлов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Иманов нұсқаларында Сайын мен балалары жауды жеңген соң Қобыландының Бөкенбай мен Киікбайға бата беруімен аяқталса, Р.Иманов тапсырған қолжазбада Сайынның анасы баласын жауға тастап кеткені үшін ренжіп, Қобыланды жеті күндей жүріп, Бозмұнайдың ризашылығын алумен аяқталады. Салыстырулар нәтижесі «Ер Сайын» жырының бір түбірден тарағанын көрсетеді.

Қорыта келе, «Ер Сайын» жыры халықтың асқан күшті, ақылды, жауды жеңе беретін, жауы қандай айла қолданса да өлмейтін, отанын шын сүйетін халқы аңсаған ел арманын қамтыған

құнды шығарма деп білеміз.

«Ер Сайын» жыры алғаш рет академик В.В.Радловтың 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири в Джунгарских степях» атты кітабының 3-томында (СПб., 1870. – 166-221 бб.) «Сайын батыр» деген атпен жарияланды [Радлов, 1870: 166-221].

Аталған эпос мәтіні Кеңес дәуірінде Мәскеуде 1926 жылы жеке кітап болып шықты. 1922 жылы Ташкентте, 1933 жылы С.Сейфулин құрастырған «Батырлар жыры» жинағында [Сайын батыр, 1933: 185-226] жарияланса, С.Мұқанов 1939 жылы «Батырлар» атты эпостар жинағына енгізген (Ер Сайын, 1939: 345). Кейін «Ер Сайын» жырының мәтіні 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» атты кітапта, 1993 жылы «Ақ сандық», 1994 жылы «Ел қазынасы – ескі сөз» атты жинақтарда басылды. Эпостың ықшамдалған нұсқасы А.Пенковскийдің аударуымен «Литературный Казахстан» [Алматы, 1935 № 2, 3, 4, 1938 № 8, 9, 11] журналында орыс тілінде жарияланды.

«Ер Сайын» жырының 1933, 1939, 1992, 1994 жылдары басылған мәтіндерін В.В.Радлов нұсқасымен [СПб, 1870] салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында:

1. Жоғарыда аталған басылымдардың бәрі В.В.Радлов жариялаған мәтін екені анықталды.

2. 1939 жылғы басылымда 1300, 1301, 1342, 1343-ші өлең жолдары түсіп қалған. Мәтінде кездесетін «алаш» сөзі «ел», «тайпа» деп өзгертілген.

3. 1992 жылғы басылымдарда жинаушының өз тарапынан қосқан өлең жолдары бар екені анықталды. Мысалы: 128-жолға «Әнін қосып жылайды», 148-жолға «Оң жағыма кіргізіп», 461-жолға «Көрмейсің бе ыңғайын» т.б. жаңадан енген. Ал 199-жолдағы «От жағалай отырып» деген өлең жолы «Отының басын толтырып», 466-жолдағы «Бәрімізді қырады» деген өлең жолы «Бізді тегіс қырады» деп өзгертілген т.б.

Жыр 2006 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 44-томында 1870 жылғы кітаптан еш өзгеріссіз дайындалып ұсынылды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, еліміздің сирек қорларында батырлар жырының ұшан теңіз мол қоры бар. Бұлар әр жылдардағы экспедиция материалдарымен молайып отырады. Сондықтан қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың (Ер Сайын) жиналу тарихын баяндап жазу шет ел зерттеушілері, отандық гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі зерттеу жүргізетін ғалымдар үшін аса құнды деректер жөніндегі анықтамалық құрал қызметін атқарады. Және түркі тілдес елдермен отандық фольклортанушы ғалымдарға белгісіз жүздеген мәтіннің жиналу тарихын дәйекті етіп дәлелдеуге таптырмайтын дереккөз болып, іргелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер туғызады.

Бүгінгі таңда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Ұлы даланың жеті қыры жобасы аясында жарияланатын» «Дала фольклорының антологиясы» сериясының онтомдығын әзірлеуде.

Оқырман қауымға алғаш рет ұсынылып отырған антологияның 1-томын қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы батырлар жырының таңдаулы үлгілері құрайды. Сол үлгілердің қатарында қазақ жырауларының репертуарынан тұрақты орын алған, байтақ сахара жұрты сүйіп тыңдаған батырлық эпостың бірі «Ер Сайын» жыры да бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1948.
 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент, 1927.
 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1992.
 Ер Сайын. (Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткерген Байтұрсынұлы Ахмет). – Мәскеу, 1926.
 Ер Сайын. // Батырлар // Кітапты құрастырып, түсініктемелерін жазған – С. Мұқанов. – Алматы, 1939.
 Ер Сайын. – Ташкент, 1922.
 Сайын батыр. // Батырлар жырының жинағы // Кітапты құрастырған – С. Сейфуллин. – Алматы, 1933.
 Сайын батыр. // Қазақтың батырлық эпосы // Құрастырып, түсініктемелерін жазған – С. Дәуітов. – Алматы, 1922.
 Стасов В.В. Происхождение русских былин. Т.2. – Москва, 1868.
 Оралов А.С. (1945). Казахский героический эпос. Москва.
 Алпысбаева Қ.Б. Некоторые общие мотивы в тюркско-монгольском эпосе. // Световое востоковедение: Устные и письменные традиции в контексте межкультурного взаимодействия. Материалы // Международного научного форума. 29 ноября. Элиста. Рус, 2018.
 Алпысбаева Қ.Б. Қалқа Жапсарбаев репертуарындағы «Едіге – Нұран» жыры және сюжеттік ерекшеліктері // Қазақстан Республикасының ұлттық академиясының Хабарлары. №2. – Алматы, 2017. Каз.
 Рақыш Ж. «Қамбар батыр» жырының жанрлық ерекшелігі // ҚазҰУ Хабаршысы. №3. Филология сериясы. – Алматы, 2006. Каз.

References

- Auezov M. Adebiet tarihy. – Almaty, 1948.
 Auezov M. Adebiet tarihy. – Tashkent, 1927.
 Berdibaev R. Kazakh eposy. – Almaty, 1992.
 Er Saiyn. (zhyrshylar aituynan ondep otkerген Baitursynuly Ahmet). – Maskeu, 1926.
 Er Saiyn. // Batyrlar // Kitapty kurastyryp, tusiniktemelerin zhazgan – Sabit Mukanov. – Almaty, 1939.
 Er Saiyn. – Tashkent, 1922.
 Er Saiyn. // Batyrlar zhyrynyn zhinagy // Kitapty kurastyrgan – Saken Seifullin. – Almaty, 1933.
 Saiyn batyr. // Kazakhtyn batyrlykh eposy // Kurastyryp, tusiniktemelerin zhazgan – S.Davitov. – Almaty, 1992.
 Stasov V.V. Praishozhdenie ruskikh bylin. T.2. – Moskva, 1868.
 Oralov A.S. Kazahskii geroicheskii epos. – Moskva, 1945.
 Alpysbaeva K.B. Nekotorye obshie motivy v tuirksko-mongolskom epose. // Svetovoe vostokovedenie: Ustnye i pismennye traditsii v kontekse mezhkulturnogo vzaiimodeistvia. Materialy // Mezhdunarodnogo nauchnogo foruma. 29 noiabra. Elista. Rus, 2018.
 Alpysbaeva K.B. Kalka Zhapsarbaev repertuaryndagy «Elige – Nuran» zhyry zhane siuzhettik erekshelikteri. // Kazakstan Respulikasynyn ul'ttyk akademiasynyn Habarlary. №2. – Almaty, 2017. Kaz.
 Rakysh Zh. «Kambar batyr» zhyrynyn zhanyrlyk ereksheligi // Kaz UU Habarshsy. №3. Filologia seriasy. – Almaty, 2006. kaz.

МАЗМҰНЫ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ.....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921).....	24
Әділжанов Н.Б. Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ..	32
Әминов Т. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.....	41
Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу).....	68
Далаева Т.Т. МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	76
Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ.....	86
Еришева Т.А. АТАТҮРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ.....	100
Жолдыбаев О.М. КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ.....	105
Жуманова А.З. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ.....	112
Кабдушев Б.Ж. НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай).....	132
Мұхитов Қ. КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	138
Мырзабекова Р.С. АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	145
Мырзабекова Р.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ.....	154
Мырзатаева З.Б. ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. XVIII – XIX ҒҒ.....	161
Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К. КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ.....	174
Опабекова Ғ.П. АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	181

Ошан Ж.	
ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЫЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР.....	189
Сәкен С.И.	
ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....	206
Төлеубаев Ә.Т.	
ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР.....	217
Төлеубаев Ә.Т.	
САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.....	226
Шілдебай С.Қ.	
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР.....	238
Шілдебай С.Қ.	
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	247

СОДЕРЖАНИЕ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН».....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.).....	24
Адилжанов Н.Б. РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА.....	32
Аминов Т. ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ.....	41
Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н. ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С. ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи).....	68
Далаева Т.Т. ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.).....	76
Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	86
Еришева Т.А. ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР.....	100
Жолдыбаев О.М. ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ».....	105
Жуманова А.З. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА.....	112
Кабдушев Б.Ж. НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА).....	132
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК.....	138
Мырзабекова Р.С. ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ.....	145
Мырзабекова Р.С. РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	154

Мырзатаева З.Б.	
ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв.....	161
Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К.	
ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ.....	174
Опабекова Г.П.	
МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ.....	181
Ошан Ж.	
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ.....	189
Сакен С.И.	
ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ.....	206
Толеубаев А.Т.	
НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ.....	217
Толеубаев А.Т.	
САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...	226
Шилдебай С.К.	
ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР.....	238
Шилдебай С.К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ.....	247

CONTENTS

Alpysbaeva K.B., Oralbek A. HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC.....	5
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	13
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	24
Adilzhanov N.B. THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY.....	32
Aminov T. DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS.....	41
Apendiyev T., Konkabayeva A. KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE.....	56
Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S. SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA).....	68
Dalayeva T.T. FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY).....	76
Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B. THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS.....	86
Yerisheva T.A. THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN.....	94
Zhailybayev D. THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH.....	100
Zholdybayev O.M. “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE.....	105
Zhumanova A. LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY.....	112
Kabdyshev B.Zh. NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION.....	123
Kamalov A.K., Uzhkenov E.M. SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev).....	132
Mukhitov K. THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION.....	138
Myrzabekova R.S. EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES.....	145

Myrzabekova R.S.	
ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE.....	154
Myrzatayeva Z.B.	
HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX.....	161
Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K.	
THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY.....	174
Opabekova G.P.	
THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI.....	181
Oshan Zh.	
MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU.....	189
Saken S.I.	
THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH.....	193
Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E.	
THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE.....	206
Toleubayev A.T.	
THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN.....	217
Toleubayev A.T.	
THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES.....	226
Shildebay S.	
EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR.....	238
Shildebay S.	
THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN.....	247

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй